

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультеті
Түркология және тіл теориясы кафедрасының докторанты Пиязбаева Ақмарал
Бейсенқұлқызының «8D02303 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «**Экономикалық сана
трансформациясының тілдегі репрезентациясы: дәстүрлі және заманауи
модус**» атты диссертациясына шетелдік ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Елдің әлеуметтік-экономикалық салаларын дамытуда тілдің қызметі зор. Тіл білу – адам капиталын құраушы негізгі құрал, себебі тіл немесе тілдер адамның экономикалық, әлеуметтік тұрғыда дамуына айтарлықтай әсер ете алады. Оған қоса, экономикалық шешімдерге де ықпал етеді. Маған ұсынылған диссертациялық жұмыс «**Экономикалық сана трансформациясының тілдегі репрезентациясы: дәстүрлі және заманауи модус**» тақырыбына арналған. Бұл зерттеу тақырыбы қазіргі замандағы лингвистика, әлеуметтік ғылымдар мен мәдениеттану үшін ерекше өзектілігімен ерекшеленеді. Автор зерттеуінде тілдің, ұлттық сананың және экономикалық сананың өзара байланысын терең теориялық тұрғыда негіздеп, оны дәстүрлі, заманауи, кеңестік және тәуелсіздік кезеңдер тұрғысынан жан-жақты талдаған.

Бұған дейінгі ізденістерде экономикалық дискурсқа тән лексикалық бірліктердің лексикографиялануында қандай өзгерістер, қандай трансформациялар болғанын анықтаған ғылыми еңбектер жоқтың қасы. Экономикалық дискурстағы қазақ тілінің мәселесі қазіргі таңда өте өзекті болып отыр. Оның себебі, қоғамдық сананың іштүрі ретіндегі экономикалық сана ұлттық тілде дамымайынша, жалпы мемлекеттік тілдің даму үдерістеріне де, қоғамның экономикалық тұрғыдан ілгерілеу үдерісінде де көп кедергілерге ұшырайды. Тіл саясатын жүзеге асыруда, тілдерді дамыту бағдарламаларын әзірлеуде мұндай әлеуметтік лингвистикалық және лингвоэкономикалық зерттеулер аса қажет.

Зерттеу жұмысының ғылыми маңызы зор. *Біріншіден*, қазақ тілінде алғашқылардың бірі болып экономикалық сана трансформациясы тілдік репрезентация арқылы қарастырылып, дәстүрлі және заманауи модус категориялары негізінде талданған. *Екіншіден*, автор қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық-мәдени тәжірибесінен бастау алатын мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, атаулар, ұғымдар үлгілеріндегі экономикалық сананы қазіргі жаңа ұғымдармен салыстырмалы түрде сипаттайды. *Үшіншіден*, кеңестік және тәуелсіздік кезеңдердің экономикалық лексикасы квантативті лингвостатистикалық әдіс және квалитативті мазмұндық талдау арқылы зерттеліп, олардың тарихи, идеологиялық және құндылықтық айырмашылықтары нақты көрсетілген.

Жұмыстың құрылымы мен мазмұны ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді: бірінші тарауда теориялық негіздер жүйеленсе, екінші тарауда дәстүрлі және заманауи модусқа сүйенген талдау жүргізілген, үшінші тарауда кеңестік және тәуелсіздік кезеңдердегі экономикалық сана репрезентациясы кешенді қарастырылған. Әрбір тарау қорытындылармен аяқталып, жалпы ғылыми тұжырымға ұласып отырады.

Зерттеу нәтижелері тек қазақ тіл білімінің теориялық қоры үшін ғана емес, сонымен қатар қолданбалы лингвистика, тіл саясаты, когнитивтік лингвистика, мәдениеттану және әлеуметтік ғылымдар үшін де маңызды. Автордың жасаған тұжырымдары қазақ тілінің әлеуметтік-экономикалық дискурстағы мүмкіндіктерін кеңейтуге, ұлттық дүниетанымдағы құндылықтар жүйесінің эволюциясын көрсетуге зор үлес қосады.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы – қазақ тіліндегі экономикалық сана трансформациясын модус категориясымен байланыстыра отырып, когнитивтік, прагматикалық және мәдени тұрғыдан тұтас сипаттауында. Бұл жұмыс Қазақстанда да, шетелдік ғылыми ортада да қызығушылық тудыратын, халықаралық деңгейде маңызы бар зерттеу деп санаймын. Диссертанттың зерттеу жұмысында логикалық байланыс сақталған. А.Пиязбаеваның тілі жатық, диссертация ғылыми стиль талаптарына толық жауап береді, пунктуациялық, орфографиялық қателер жоқ.

Сонымен қатар диссертант А.Пиязбаева менің тікелей жетекшілігіммен Түркия Республикасы Анталия қаласындағы Акдениз университетінің Әдебиет факультеті қазіргі түрік тілі мен әдебиет кафедрасында шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті. Тағылымдама барысында ол Анталия, Анкара, Стамбул қалаларында орналасқан кітапханаларда болып, ғылыми әдебиеттермен танысты. Кафедраның ғалымдарына зерттеу тағылымдамасы бойынша есеп беріп, баяндама жасады. Мен өз тарапымнан ғылыми жұмыстың негізгі бөліміне қатысты ой-тұжырымдарымды бердім.

Қорытындылай келе, диссертация ғылыми тұрғыдан терең, мазмұны жүйелі, әдіснамалық негізі берік және тұжырымдары дәйекті еңбек болып табылады. Сондықтан мен бұл жұмысты жоғары ғылыми деңгейде орындалған диссертациялық зерттеу деп бағалаймын және оның авторына тиісті ғылыми дәрежені беруді толық қолдаймын.

Құрметпен,

Түркия Республикасы, Анкара қаласы
Анкара университеті Тіл, тарих және
география факультетінің
Қазіргі түркі диалектілері мен
әдебиеті бөлімінің қауым.профессоры,
доцент



Lazzat Urakova Yanç